



Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 21 маусым N 136. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 380 (V032589) қаулысымен.

Кредиттік серіктестіктер қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне е н г і з і л с і н .

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) осы қаулыны және Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 1 м а у с ы м д а ғ ы

N 136 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
12.04.1997 жылғы N 106 қаулысымен бекітілген**

**Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге,
04.12.97 жылғы N 408 өзгерістер мен толықтырулары
ескеріле отырып енгізілген өзгерістер мен толықтырулар**

1. Ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "Кредиттік серіктестік туралы ереже".

2. Ереженің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
"Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес жасалған және кредиттік серіктестіктердің құқықтық мәртебесін, оны құру, лицензиялау, қызметін реттеу және тоқтату тәртібін белгілейді."

3. Қазақша мәтіні өзгермейді.

4. Қазақша мәтіні өзгермейді.

5. 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кредиттік серіктестік - заңды және /немесе жеке тұлғалардың ерікті бірігуі нәтижесінде құрылған, оның қатысушыларының жұмсалмаған ақшасын жинақтау жолымен қаржы көмегіне қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында және банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операциялар жүргізуге Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде өз қызметін жүзеге асыратын, банк болып саналмайтын заңды тұлға.

Кредиттік серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады.

Кредиттік серіктестіктің ресми мәртебесі жоқ бірде бір заңды тұлға "кредиттік серіктестік" болып аталмайды".

6. 3-тармақтағы "Шаруашылық серіктестіктер туралы" деген сөздер "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 6-тармақтың:

- бірінші азатжолындағы "отыздан артық" деген сөздер "елуден артық, жабық акционерлік қоғамның нысанында - жүзден артық";

- екінші азатжолы алынып тасталсын.

8. 9-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші азатжолмен толықтырылсын:

"Кредиттік серіктестіктердің заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады."

9. 13-тармақ:

мынадай мазмұндағы бірінші азатжолмен толықтырылсын:

"Заңды және жеке тұлғалар кредиттік серіктестік ашуға рұқсат беру туралы Ұлттық Банкке өтініш беруге құқылы.";

- бірінші азатжол екінші азатжол болып саналсын;

а) тармақшасындағы "құрылтай шарты, жарғысы" деген сөздер " орыс және қазақ тілдеріндегі құрылтай шарты және жарғысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

- е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"е) банк заңдарының талаптарына сәйкес жасалған ішкі кредит саясаты туралы ереже және құрылатын кредиттік серіктестіктің кредиттік комитеті туралы ереже;" ;

- мынадай мазмұндағы к) тармақшасымен толықтырылсын:

"к) кредиттік серіктестіктің ішкі аудит қызметі туралы ереже."

10. 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Директорлар кеңесінің төрағасы, басқарма төрағасы (директоры), бас бухгалтер кредиттік серіктестіктің басшы қызметкерлері болып саналады."

11. 16 - тармақтағы :

- "Басқарманың төрағасы, Байқау кеңесінің төрағасы және мүшесі" деген сөздер "кредиттік серіктестіктің басқарма төрағасы (директоры), директорлар кеңесінің төрағасы, бас бухгалтері" деген сөздермен ауыстырылсын;

12. 17 - тармақтың :

- бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиттік серіктестіктің директорлар кеңесінің төрағасы, басқарма төрағасы (директоры), бас бухгалтері қызметке Ұлттық банктің келісімімен тағайындалады (сайланады).";

- мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Кредиттік серіктестік басшы қызметкерлер санатына жатпайтын адамдарға қойылған қолдардың және мөр таңбасының үлгілері бар құжаттарға екінші қол қою құқығын беруге құқы бар."

13. 21-тармақтың бірінші және екінші азатжолдары мынадай редакцияда жазылсын :

"Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі Банктік қадағалау департаментінің ұсынысы бойынша кредиттік серіктестік ашуға рұқсат беру туралы шешім қабылдайды .

Ұлттық Банк кредиттік серіктестік ашуға берілген және қайтарып алынған рұқсаттардың, сондай-ақ берілген, уақытша тоқтатылған және күші жойылған лицензиялардың тізбесін жасайды."

14. 22-тармақтың а) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1995 жылғы 17 тамыздағы N 94 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен екінші деңгейдегі банк мекемелерінің үйлерінде кассалық торапты жобалау мен орнатудың техникалық талаптары туралы Нұсқаулыққа сәйкес" деген сөздер "Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерге қоятын нормативтік талаптарына сәйкес, сондай-ақ тиісті біліктілігі

бар қызметкерді жалдауы," деген сөздермен ауыстырылсын.

15. Мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Кредиттік серіктестік өз қызметін Ішкі кредит саясаты туралы ережеге, бухгалтерлік есеп саясатына сәйкес, оның уәкілетті органы бекіткен сыйақы (мүдде) ставкасын, сондай-ақ банк операцияларымен қызмет көрсеткені үшін тарифтер белгілей отырып жүзеге асырады және жыл сайын Ұлттық Банкке беріп отырады . "

16. 25-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Өтініш берушіге банк операцияларын жүргізуге лицензия беруден бас тартқан жағдайда, бас тарту себебін көрсете отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап береді . "

17 . 29 - тармақтың :

- б) тармақшасындағы "кредиттік серіктестікке қатысушыларға" деген сөздер алынып тасталсын ;

- г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) ломбард операциялары: депозитке салынатын тез өтетін бағалы қағаздар мен жылжымалы мүлікке кепілдікке қысқа мерзімді кредиттер беруге;" ;

- д) тармақшасындағы "клирингтік" деген сөзден кейін "(есеп айырысу)" деген сөздермен толықтырылсын ;

- мынадай мазмұндағы и) тармақшасымен толықтырылсын:

"и) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру " ;

- тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы г) тармақшасымен толықтырылсын :

"г) кепілдік операциялары: кредиттік серіктестікке қатысушылар үшін ақшалай орындалуы көзделген кепілдіктер, кепілдемелер және өзге де міндеттемелер беруге . "

18. 32-тармақтағы "Байқаушы кеңесі" деген сөздер "директорлар кеңесі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

19. 34-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"34. Кредиттік серіктестіктердің қаржы тұрақтылығын және қызметінің бірқалыптылығын, олардың депозиторларының мүддесін қорғауды қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк кредиттік серіктестіктерге пруденциалдық нормативтер және басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттер белгілеу жолымен кредиттік серіктестіктердің қызметін реттеуді жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестіктердің пруденциалдық нормативтер және басқа да сақталуға міндетті нормалары мен лимиттерін есептеудің нормативтік мәні мен әдісі, сондай-ақ қаржылық, реттеуші және бухгалтерлік есеп беру тізбесі, нысандары және мерзімдері, оның ішінде оларды бұзғаны үшін жауапкершілік Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Кредиттік серіктестіктерге активтерді мен шартты міндеттемелерді жіктеу бойынша және олар бойынша провизиялар есептеу талаптары банктер үшін белгіленген тәртіппен қолданылады.

Кредиттік серіктестіктер Ұлттық Банктің сұрауы бойынша оған кез келген ақпаратты, оған қоса өз қаражаты туралы мәліметтерді, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі өзі жүргізген және жүргізетін операциялар, берілген және алынған кредиттердің көлемі туралы және басқа мәліметтерді беруге міндетті."

20. Мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

"34-1. Кредиттік серіктестік Ұлттық банк белгілеген нысандар бойынша және мерзімде, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес жылдық баланста берілген мәліметтердің дұрыстығын аудиторлық ұйым (аудитор) растағаннан кейін және жылдық баланс пен қаржы шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есепті кредиттік серіктестіктің қатысушыларының (акционерлерінің) жалпы жиналысында бекітілгеннен кейін жылдық баланс пен қаржы шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеппен қоса, жылдық есепті жариялайды."

21. 37-тармақтың в) тармақшасындағы "Байқаушы кеңестің Төрағасы мен мүшелерінен басқасы" деген сөздер "директорлар кеңесінің төрағасынан басқасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. 43-тармақ алынып тасталсын.

23. 45-тармақтағы:

- "8-баптың" деген сөздерден кейін "16-баптың 8-тармағы, 17-баптың 4-тармағы" деген сөздермен толықтырылсын;

- "18, 22, 40-баптардың" деген сөздерден кейін "47-баптың 2 тармағының в) және д) тармақшалары, 62-67-баптар" деген сөздермен толықтырылсын;

- "жарғылық капиталдың ең аз мөлшері" деген сөздер "өз капиталының ең аз мөлшері, левараж коэффициенті, бір заемшыға тәуекелдің ең көп мөлшері, өтімділік коэффициенті" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы